



## БАСПАСӨЗ ХАБАРЛАМАСЫ

Алматы қаласы

2018 жылдың 09 тамызы

### **KASE 2018 жылдың шілде айына биржалық нарықтың жұмыс қорытындысын ұсынады**

Қазақстан қор биржасы (KASE, Биржа) 2018 жылдың шілде айына биржалық нарықтың жұмыс қорытындысын ұсынады.

- 2018 жылдың шілде айындағы KASE сауда-саттық жиынтық көлемі 9,7 трлн теңгені құрап, алдыңғы аймен салыстырғанда 4,2 % немесе 427,8 млрд тенге теңгеге төмендеді.
- "Инвестициялық қордың бағалы қағаздары" секторы мен акциялар нарығы жалпы трендке қарама-қайшы оң өсу динамикасын көрсетіп – өсім 9,3 есе және тиісінше 27,6 % көрсетті.
- Шілде айының қорытындысы бойынша KASE индексі 2,1 % төмендеп, 2 362,41 нүктені құрады.
- 01 тамызда KASE сауда-саттығына 151 эмитенттің 383 атаулы бағалы қағаздары қол жетімді болды. Шілде айында KASE ресми тізімінен бес эмитенттің бағалы қағаздары шығарылды. Есептік кезеңде бағалы қағаздардың жаңа шығарылымы Биржаның ресми тізіміне енгізілген жоқ.
- Алғашқы нарықта МБҚ көлемі 165,8 млрд теңгеге жетті: бір миллиард теңгеден астам қаржыны облыстық атқарушы органдар мемлекеттік бағдарламалар аясында тартты және 164,8 млрд теңгені Қаржы министрлігі жылдық 8,43–8,48 % ұзақ мерзімді облигациялардың бес шығарылымын орналастыра отырып, тартты.
- 01 тамызда Орталық депозитарийде жеке тұлғалар ашқан 109 993 жеке шоттар тіркелді, ол алдыңғы айға қарағанда 277 шотқа және жыл басына қарағанда 748 шотқа артық.

### **АКЦИЯЛАР НАРЫҒЫ**

Биржаның сауда-саттық тізімінде айдың соңында 108 эмитенттің 123 акциялары орналастырылды. Олардың ішінде листингілік емес бағалы қағаздар секторында үш компанияның акциялары бар.

KASE акцияларының нарығын қаржыландыру шілде айында 4,6 % немесе 773,4 млрд теңгеге төмендеп, до 17,53 трлн теңгені құрады. Аталмыш көрсеткіштің негізгі себебі – акциялары қаржыландыру есебіне кіретін компаниялардың тізімін кеңейту болып табылады.

KASE Индексі екі ай қатарынан құлдырап, шілде айында 49,6 нүктеге немесе 2,1 % төмендеп, 2 362,41 нүктеге дейін түсті. Екі айдың қорытындысы бойынша KASE Индексі 140,1 нүктеге немесе 5,6 % жетті. 18 мамырда көгілдір фишкалар индексі өзінің 10 жылдық максимум деңгейін жаңғыртып, 2 532,67 нүктені құрады. Мұндай кері динамиканың нарықтағы негізгі анықтаушы факторлары компанияның 2018 жылдың бірінші жартыжылдығына операциялық қызметі бойынша бірқатар есептердің жариялануы, шикізат нарығында конъюктуралық өзгерістер мен кейбір компаниялардың қызметіндегі корпоративтік оқиғалар болып табылады.

## KASE өкілеттік тізіміне кіретін акциялардың бағасының өзгеруі

Эмитент	Сауда-саттық коды	Бағасы, бір акцияға теңге		Бағаның өзгеруі, %
		01.08.2018	01.08.2018	мамырда
"Кселл" АҚ	KCEL	1 600,0	1 626,0	1,6%
"KEGOC" АҚ	KEGC	1 450,0	1 431,0	-1,3%
"Халық Банкі" АҚ	HSBK	102,1	100,7	-1,3%
"Қазақтелеком" АҚ	KZTK	33 890,0	33 000,0	-2,6%
"Банк ЦентрКредит" АҚ	CCBN	282,0	274,0	-2,8%
"КазТрансОйл" АҚ	KZTO	1 400,0	1 360,0	-2,9%
KAZ Minerals PLC АҚ	GB_KZMS	4 000,0	3 792,0	-5,2%

KAZ Minerals PLC акциялары біршама құлдырағанын байқаймыз – 5,2 %. Шілде айында компания акцияларына қысымды тоннасына 5,2 % дейін 6 287,8 долларға арзандаған мыс бағасының динамикасы көрсетті, аталмыш мәні соңғы 12 айда ең төменгі көрсеткіш болып табылады.

2018 жылдың 11 шілдесінде антимонополиялық комитетке өтініш хат бергеннен соң бес айдан кейін "Қазақтелеком" АҚ "Кселл" АҚ 75 % акцияларын сатып алуға рұқсат алды. Антимонополиялық комитеттің бағалауы бойынша ұлттық байланыс операторының үлесі нарықта 37,5 % құрайды. Антимонополиялық комитет тұтынушылардың мүддесі үшін және жалпы саланы дамыту үшін бірқатар талаптар мен шарттарды бекітті. Сонымен, антимонополиялық органның өтініші бойынша мәміле ұялы байланыс қызметінің құнына әсер етпеуі тиіс. Осы жаңалықта телекоммуникациялық сектордың акцияларының бағасы қатты өзгерген жоқ, өзінің әдеттегі баға диапазоны аясында сатылымды жалғастыра берді. Кселл акциялары айдың қорытындысы бойынша бағасы 1,6 % өсіп, 1 626 теңгені құрады, Қазақтелеком үлестік құралдары 2,6 % дейін арзандап, 33 000 теңгені құрады.

Акциялармен сауда-саттық алдыңғы айға қарағанда 9 есе немесе 128,3 млрд теңгеге артып, 143,7 млрд теңгені құрады. Барлық көлемі сатып алу-сату секторына кледі. Орташа күндік сауда-саттық көлемі 6,8 млрд теңгеге жетті, ол алдыңғы айдың көрсеткішіне қарағанда 9,3 есе көп. Мәмілелердің орташа күндік саны 488 құрады, мәмілелердің орташа көлемі – 14 млн теңге. Көлемін айтарлықтай ұлғайтуы тұрақты емес сипаттағы мәмілелерді жүргізумен байланысты.

Инвесторлардың негізгі санатында осы сегменттегі неғұрлым белсенділері жеке тұлғалар болып табылады, олардың шоттарына акциялардың жалпы айналымының 43,9 айналды. Екінші деңгейдегі банктер (ЕДБ) сауда-саттыққа қатысқан жоқ, брокер-дилерлер үлесі 41,9 % құрады, өзге институционалдық инвесторлардың үлесіне 10,8 % келді, өзге заңды тұлғалардың үлесі 3,4 % құрады. Бейрезиденттердің қатысу үлесі 1,6 %.

### КОРПОРАТИВТІК ОБЛИГАЦИЯЛАР НАРЫҒЫ

Шілде айының соңында KASE сауда-саттық тізімдерінде 64 эмитент шығарған 244 атаудағы облигациялар болды. Есептік айда ресми тізімдерге облигациялар қосылған жоқ. Айналым мерзімі өтуіне байланысты төрт эмитенттің бес шығарылым облигациялары айналымнан шығарылды.

Сипатталған өзгерістердің нәтижесінде KASE нарықтарында саудаланатын корпоративтік борыштың көлемі 3,5 %-ға немесе 289,9 млрд теңгеге төмендеп, номиналды көрсетілімде 7,879 трлн теңгеге жетті.

Корпоративтік облигациялардың кірістілік Индексі KASE\_BMY шілде айында 3 базистік нүктеге төмендеп, жылдық 10,35 % құрады. Индекстің кірістілігі Ұлттық Банктің айдың аяғына дейін жарамды базалық мөлшерлемесінің қолданыстағы коридорының үстіңгі шегіне жақын тұр (жылдық  $9 \pm 1$  %).

Корпоративтік облигациялардың сауда-саттық көлемі есептік айда 34.6 млрд теңге деңгейінде қалыптасып, алдыңғы аймен салыстырғанда 74,7 % төмендеді. Сауда-саттықтың орташа күндік көлемі 1,647 млрд теңгені құрады. Нарықтың аталмыш сегментіндегі кері динамика алғашқы нарықтағы белсенділіктің төмендеуімен байланысты, онда орналастыру көлемі небәрі 678,9 млн теңгені құрады, ол маусым айындағы көрмсеткішке қарағанда 99,4 % төмен. Мәмілелердің орташа күндік саны – 8, мәмілелердің орташа көлемі – 201,1 млн теңге.

Шілдеде биржада бір орналастыру болды: "Компания Фаэтон" ЖШС жеті жылға жылдық облигациясын жалпы сомасы 678,9 млн теңгеге орналастырды:

- FATNb1 – 272,9 млн теңге жылдық 13,49 %;
- FATNb2 – 406 млн теңге жылдық 11 % .

Орналастыру кезінде барлық мәміле көлемі заңды тұлғалардың шотына келді.

Қайталама нарықта облигациялардың сауда-саттық көлемі 2 есе өсіп немесе 17,9 млрд теңгені құрады және 33,9 млрд теңгеге жетті. Мәміле саны 47,8 % дейін артып, 170 құрады.

Негізгі инвесторлар санатында қайталама нарықта ЕДБ үлесі 0,3 %, брокер-дилер – 46,7 %, өзге институционалдық инвесторлар – 24 %, өзге заңды тұлғалар – 9,8 %, жеке тұлғалардың үлесіне 19,1 %. Бейрезиденттердің қатысуы - 17,5 %.

### **МЕМЛЕКЕТТІК БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАРДЫҢ НАРЫҒЫ (МБҚ)**

Қазақстан қор биржасында номиналды құны бойынша саудаланатын мемлекеттік борыш сомасы 10,416 трлн теңгені құрады, бұл маусым айының қорытындысы бойынша 1,7 % -ға немесе 181,9 млрд теңгеге артық.

Шілде айындағы МБҚ нарығындағы жиынтық сауда-саттық көлемі 12,3 % төмендеп, 234,1 млрд теңгені құрады. Есептік кезеңде мемлекеттік бағдарламаны жүзеге асыру аясында екі облыстың жергілікті атқарушы органдары жылдық 0,35 % 1,1 млрд теңге тартты. Қаржы министрлігі жылдық 8,43–8,48 % ұзақ мерзімді облигациялардың шығарылымын орналастыра отырып, 164,8 млрд теңге тартты.

МБҚ алғашқы нарығындағы инвесторлар құрылымында брокерлік-дилерлік компаниялардың үлесіне 0,3 %, заңды тұлғалардың үлесіне – 2,5 %, институционалдық инвесторлардың үлесіне – 97,2 %.

Қайталама нарықтағы сауда-саттық көлемі 52,5 % төмендеп, 68,3 млрд теңгені құрады. Қайталама нарықтың жалпы айналымынан 96,4 % Ұлттық Банктің ноттары құрады.

Инвесторлар құрылымындағы қайталама нарықта ЕДБ үлесі - 66,9 %, брокер-дилерлер үлесіне – 1,9 %, институционалдық инвесторлардың үлесіне – 10,1 %, өзге заңды тұлғалар 21 % құрады, жеке тұлғалардың үлесіне 0,1 %. Бейрезиденттердің үлесі 1,0% құрады.

### **Халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздары**

Шілде айында Халықаралық Қаржы корпорациясы (IFC) жазылым арқылы қамтамасыз етілмеген жахандық амортизацияланған ноттарды жылдық 8,3 % 7,5 жылға орналастырып, 8,6 млрд теңге тартты. Орналастырудың жалпы көлемінен ең көп үлесін – 99,9 % институционалдық инвесторлар сатып алды, қалған 0,1 % жеке тұлғаларға тиесілі. Аталмыш қағаздар 2018 жылдың 02 тамызынан бастап KASE ресми тізімінің "Халықаралық қаржы ұйымдары бағалы қағаздары" секторына енгізілді.

### **Инвестициялық қорлардың пайлары**

"Инвестициялық қорлардың бағалы қағаздары" секторында 01 тамызда бес компанияның басқаруымен 6 қаржы құралдары болды. Өткен кезеңде сауда-саттық көлемі 74,6 млн теңгені құрады, ол өткен аймен салыстырғанда 27,6 % жоғары. Инвесторлардың негізгі санаттары бойынша жеке тұлғалардың үлесі 21 %, брокер-дилерлердің үлесі 0,8%, өзге заңды тұлғаларға 78,2 % тиесілі.

## Бағалы қағаздар нарығындағы жеке тұлғалардың шоттары

2018 жылдың шілдесінде Орталық бағалы қағаздар депозитарийінің есепке алу жүйесінде жеке тұлғалардың атынан ашылған 109 993 жеке шот болды, ол алдыңғы аймен салыстырғанда 277 шотқа артық және 2018 жылдың басына қарағанда 748 шотқа артты.

## ШЕТ ЕЛДІК ВАЛЮТАЛАР НАРЫҒЫ

Шілде айында шетел валюталарының нарығына 31 KASE мүшелері қатысты.

2018 жылдың шілде айында шетел валюталары сауда-саттығының көлемі өткен айдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 1,002 трлн теңгені құрап, алдыңғы айдың қорытындысына қарағанда 2,6 % немесе 27 млрд теңгеге төмендеді.

АҚШ долларының орташа сараланған бағамы шілде айында 1,6 % өсіп, екі жылдық максимум деңгейіне жақындай отырып, бір валюта бірлігіне 346,7 теңгені құрады. Дамыған елдердің орталық банктерінің ақша-несие саясатын нығайту, ең алдымен – АҚШ ФРЖ дамыған нарықтан біртіндеп қаржының жылыстауына әкеп соғады.

Төмендегі кестеде Қазақстан қор биржасында саудаланған валюталық жұбының негізгі сипаты келтірілген (жақшаның ішінде алдыңғы аймен салыстырғанда шет елдік валютаның теңгеге орташа сараланған биржа бағамының шілде айындағы көрсеткіштің өзгерісі көрсетілген).

Валюталар жұбы	Көлемі, валюта бірлігі, млн	Сауда-саттық көлеміндегі үлесі, %	Мәміле мәні	Мин. және макс. бағамы, валюта бірлігі, теңге	Айдың соңындағы бағам (өзг.%)
USD/KZT	2 885,3 (-4,8%)	99,2% (+0,001%)	5 432 (-363)	341,62 – 347,06	346,70 (+1,6%)
RUB/KZT	859,8 (+6,1%)	0,5% (+0,05%)	134 (-3)	5,4226 – 5,5704	5,5704 (+2,4%)
CNY/KZT	29,9 (+26,5%)	0,2% (+0,03%)	66 (+2)	50,4793 – 51,9400	50,7100 (-1,6%)
EUR/KZT	3,7 (-38,3%)	0,1% (-0,08%)	12 (-12)	401,20 – 405,90	405,90 (+2,3%)

## АҚША НАРЫҒЫ

Ұлттық Банк 2018 жылдың 09 шілдесінде қаржы-неесие саясатын жұмсарту циклін тоқтата тұрып, базалық мөлшерлемені жылдық 9 % деңгейінде сақтап қалу туралы шешім қабылдады. Жыл басынан бері базалық мөлшерлеме төр рет төмендеді: жалпы алғанда 125 б.н.

Шілде айының соңында TONIA индикаторы 5 б.н өсіп, жылдық 8,08 % құрады. Сонымен қатар TWINA индикаторы (мерзімі жеті жұмыс күндік репо ашу мәмілелері бойынша орташа сараланған пайыздық мөлшерлеме) 4 б.н. өсіп, жылдық 8,26 % құрады.

Бір күндік SWAP-1D (USD) долларлық своптың кірістілігі шілде айының соңында жылдық 8,62% құрап, бір айда 195 б.н. өсті. Екі күндік SWAP-2D (USD) своптың кірістілігі 203 б.н. өсіп, жылдық 8,92% жетті.

Шілде айында KazPrime-3M (KZT) индикаторы Ұлттық банктің базалық мөлшерлемесінің жоғары шекарасында қозғалысын жалғастырып, жылдық 10 % дейінде болды.

Бір жұмыс күнге ашылған, МБҚ-мен валюталық своп операциялары бойынша мәмілелер көлемі арқылы орташа сараланған кірістілік мәні болып табылатын, ақша нарығының композиттік индикаторы MM\_Index, шілде айының соңында 32 б.н. өсіп, жылдық 8,14 % құрады.

## Репо операциялары нарығы

Осы сегменттегі сауда-саттықтың көлемі 6,4 трлн теңгеге жетіп, өткен айдың көрсеткішінен 0,5 % жоғары болды. Операциялардың орташа күндік көлемі шілдеде 303,7 млрд теңге болды, орташа күндік мәміле саны – 444, бір мәміленің орташа көлемі – 683,2 млн теңге.

Репо ашылу мәмілелері бойынша сауда-саттықтың жалпы көлемінің 98,2 % МБҚ-мен авторепо мәмілелерінің үлесінде болды. МБҚ-мен авторепо нарығындағы ең танымал қаржы құралы

мерзімі бір күндік репо операциялары болып қала береді, МБҚ-мен авторепо нарығындағы сауда-саттықтың жалпы көлеміндегі мәмілелердің үлесі 84,8 % құрайды.

2018 жылдың шілдесінде барлығы репо операцияларына 45 Биржа мүшесі қатысты. Осы сегменттегі сауда-саттықтың жалпы айналымының 85 %-дан астамы екінші деңгейдегі банктердің үлесінде. Резидент еместердің қатысу үлесі айтарлықтай болған жоқ, бар-жоғы 0,1 % құрады.

### **Валюталық своп нарығы**

Валюталық своп нарығындағы сауда-саттық көлемі 16,7%-ға азайып, 1,9 трлн теңгені құрады. Операциялардың орташа күндік көлемі 90,3 млрд теңгені құрады, мәмілелердің орташа күндік саны – 33, бір мәміленің орташа көлемі – 2,7 млрд теңге. Валюталық своп нарығындағы қаржы құралдар құрылымында сауда-саттықтың жалпы көлемінде 65 % астамы (1,2 трлн теңге немесе 3,6 млрд USD) екі күндік валюталық своппен (USDKZT\_0\_002) жасалған мәмілелердің үлесінде болды.

### **ДЕРИВАТИВТЕР НАРЫҒЫ**

Осы кезде биржалық нарықтың осы секторында, базалық активі АҚШ доллары, KASE Индексі және акциялардың жеке атаулары болып табылатын, фьючерстер саудалауға қолжетімді. Шілде айында фьючерстермен мәмілелер жасалған жоқ. Тамыз айының басында деривативтер нарығында сауда-саттыққа қатысушылардың ашылған жайғасымдары болған жоқ.

### **Анықтама үшін**

"Қазақстан қор биржасы" АҚ (KASE) қаржы нарығында қызмет атқаратын, Орта Азия аймағындағы жетекші және Қазақстандағы жалғыз қор биржасы болып табылады. Бұл репо нарығы құралдары, шет елдік валюта, мемлекеттік және корпоративтік бағалы қағаздар нарығындағы, халықаралық қаржы институттары, сондай-ақ туынды құралдар облигациялары үшін әмбебап сауда-саттық құралы болып табылады.

KASE Халықаралық федерациялар биржасының (WFE), Еуро-Азиялық қор биржасы Федерациясының (FEAS) және басқа да халықаралық және отандық кәсіби бірлестіктердің мүшесі болып табылады. KASE 2015 жылы БҰҰ "Қор нарығы тұрақты даму үшін" атты бастамасына қосылды. KASE ТМД елдерінің арасында бағалы қағаздармен сауда-саттық бойынша екінші орынға ие болды, сондай-ақ FEAS биржаларының акциялар нарығын қаржыландыру бойынша алтыншы орында.

*Қосымша ақпарат: +7 (727) 237 5342, [pr@kase.kz](mailto:pr@kase.kz)*